



Автор: Таскумбаева Жанна Самуратовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер

Тақырып: Лабиринт. Виртуалды лабиринт

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	<ul style="list-style-type: none">• Орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру;• Алгоритмді ауызша түрде ұсыну
Сабақтың мақсаты:	алгоритмді ауызша түрде ұсыну; лабиринттан өту үшін бағыт құру
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар алгоритмді өту алгоритмін суреттей алады Диалог пен хатқа арналған пайдалы сөздер: Егер... (шарт), онда ... Аталмыш мәселені шешу үшін мен ... Ұсыныстарды таныстру үшін мен келесіні таңдадым ... Менің бағдарламам келесі командалардан тұрады ...
Бағалау критерийлері:	алгоритм анықтамасын тұжырымдау алгоритмді ауызша түрде ұсыну орындаушылар мен жүйелік командалар мысалдарын келтіру оңтайлы бағыт табу
Құндылықтарды дарыту:	Өмір бойы оқу, бірін бірі бағалау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентация, бейнеролик
Пәнаралық байланыс:	Логика, математика
Бастапқы білім:	Осы сабақ алдында оқушылар нені білді және нені білу қажет? (негізгі , фактілер, формулалар, теориялар) Қолданыстағы білімді қалай жетілдіруге болады?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Ұйымдастыру сәті Оқушылармен амандасу, қатысушыларды тексеру Үй тапсырмасын тексеру Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа 16 сөз бар үлестірмелі қағаз беріледі. Соның ішінде тек «Алгоритм» тақырыбына қатысты 8 сөзді анықтайды. Қалған сөздердің бас әріптерінен сөз құрастыру қажет	презентация https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algorithm-zhane-atqarushy-uhymy

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	<p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын құру</p> <p>Оқушылардан лабиринтті қайда кездестіргені туралы мысал келтіруін сұрау.</p> <p>Лабиринт – түрлі өткелдер мен жолдар арқылы берілген шатасқан күрделі құрылым. Виртуалды лабиринт желі арқылы түрлі өткелдер мен қиылыстарды, кедергілерді өту бойынша берілетін ойындар топтамасында, балалар ойындарында көптеп кездеседі. «Тілек айту».</p> <p>- Балалар, біздің машинамыздың жанармайы бітіп қалуға жақын. Бір-бірімізге тілек айтып, бакқа жанармай құйып алайық. Бірінші тілекті былай деп бастаймын...</p> <p>Жорамал жауап: бүгінгі сабақта белсенді болуына тілектеспін. Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Соңғы оқушы тілегін айтып, кішкентай машина өзіме қайтарады.</p> <p>- Ал енді жолға шығайық. Бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Жасыл шам жанғанша, тауыққа, қоянға, динозаврға көмектесіп, мына тапсырманы жұппен орындайық.</p> <p>-Тапсырманы тексеру үшін, басқа жұппен алмасамыз.</p> <p>- Бәріне көмектестік. Жарайсындар!!! Міне жасыл шам да жағылды. Ары қарай жылжыйық.</p> <p>Сергіту сәтін өткізу.</p>	
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Практикалық жұмыс</p> <p>Оқушыларға алгоритмді жазу барысындағы тестілеудің қажеттілігін түсіндіріңіз. Мұғалім жұмысты бақылайды. Алгоритмнің дұрыстығын тексеру үшін, тапсырманы орындаған соң тексереміз..</p> <p>Қате табылған жағдайда оны бірлесе отырып дұрыстаймыз. Нәтижесін сыныппен талқылаймыз..</p>	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algorithm-turleri
Рефлексия (3 мин)	<p>Оқушыларға сабақта өткен білімді еске түсіруді ұсыну</p> <p>Оқушылармен ең қиын болған сабақ бөлімін талқылаңыз</p>	